

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



**№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020**  
**ISSN 2710-3994**



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)  
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)  
Аяган Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)  
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)  
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)  
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)  
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)  
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)  
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)  
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)  
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)  
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)  
Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)  
Матыжанов Кенжехан Ісламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)  
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)  
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)  
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)  
Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)  
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)  
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)  
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)  
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)  
Таймағамбетов Жәкен Қожамметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашиев Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*  
*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*  
*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*  
*Абусейтова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*  
*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*  
*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*  
*Голден Кэйти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*  
*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*  
*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*  
*Кожамжарова Дария Пернеиовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*  
*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*  
*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*  
*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*  
*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчакведения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*  
*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*  
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*  
*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*  
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*  
*Римантас Желвис (Želvyas Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*  
*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*  
*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*  
*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*  
*Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**

Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**

Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*  
*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želyys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕНГЕЙІ (1946-1955)

**Қали А.Н.**

Тарих магистрі, КҒҚ, Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты.  
Қазақстан, Алматы қ.

**Аңдатпа.** *Kipisce.* Мақалада соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстандағы сауаттылық пен білім беруді дамытудың ахуалы қарастырылады. 1945-1955 жылдар республикадағы білім беру саласындағы ең күрделі үдерістер орын алған кезең. Республикадағы экономикалық тұрақсыздықтың салдарынан балалардың толық қамтылмауы, оқыту тілін білмеуі сауаттылық пен білім беру деңгейін тежеді. Сонымен қатар, жергілікті ұлт өкілдерімен бірге, соғыс жылдары елімізге депортациялау барысында қоныс аударған халық – арнайы қоныс аударушыларды орналастырумен қатар, олардың сауаттылығын арттыру және мектепке тарту, білім беру жұмыстарында көптеген қиыншылықтар орын алды. Мақалада ұлттық оқу орындары мен онда оқыған балалар санының статистикасын анықтайтын архив құжаттары мен статистикалық мәліметтер пайдаланылды.

**Түйін сөздер:** арнайы қоныс аударылғандар, күнделікті тарих, интернат, мұғалім, оқу жылы, мектеп, ЖОО, экономика, соғыстан кейінгі жылдар, білім, сауаттылық

## УРОВЕНЬ ГРАМОТНОСТИ И ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1955 гг.)

**Қали А.Н.**

Магистр истории, МНС. Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, г. Алматы.

**Аннотация.** *Введение.* В статье рассматривается ситуация с развитием грамотности и образования в Казахстане в послевоенные годы. 1945-1955 годы были периодом наиболее сложных процессов в сфере просвещения в республике. Из-за экономических трудностей послевоенного времени, неполного охвата детей школьным образованием, незнания языка обучения отрицательно влияли на уровень грамотности и образования. Кроме того, было много сложностей в повышении уровня грамотности и приема в школы, а также в размещении спецпереселенцев, депортированных в республику во время войны. Эти же трудности испытывало и местное население. В статье использованы архивные документы, определяющие статистику национальных образовательных учреждений и количество обучающихся в них детей.

**Ключевые слова:** грамотность, образование, послевоенные годы, экономика, ВУЗ, школа, учебный год, учитель, интернат, спецпереселенцы, повседневная история.

## THE LEVEL OF LITERACY AND EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR YEARS (1945-1955)

**Kali A.N.**

Master's in History. Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.  
Kazakhstan, Almaty.

**Abstract. Introduction.** The article examines the situation with the development of literacy and education in Kazakhstan in the post-war years. 1945-1955 were a period of the most complex processes in the field of education in the Republic. Due to the economic difficulties of the post-war period, incomplete school enrolment, and lack of knowledge of the language of instruction negatively affected the level of literacy and education. In addition, there were many difficulties in raising the level of literacy and school admission, as well as in accommodating children who were deported to the Republic during the war. The same difficulties were experienced by the local population. The article uses archival documents that determine the statistics of national educational institutions and the number of children enrolled in them.

**Keywords:** literacy, education, post-war years, economy, university, school, academic year, teacher, boarding school, special settlers, everyday history.

### Кіріспе

Соғыстан кейінгі жылдары КСРО-да қоғамдық өмірдің барлық аспектілерін модернизациялау ғылыми жетістіктерді қолдану саласының едәуір кеңеюіне әкелді. Ол үшін кеңес адамының кәсіби даярлығының сапасына тікелей әсер ететін ғылыми білімнің негіздері қоғамдағы білім беру жүйесінің басты буыны болып табылатын жалпы білім беретін мектепте қаланатындығына назар аударыла бастады. Сонымен бірге қоғамның экономикалық, әлеуметтік және моральдық дамуы көбінесе білім беру жүйесінің жағдайына байланысты. Білім беру жүйесін жаңғыртпай ел дамуында нақты ілгерілеушілік болмайтыны айдан анық. Мемлекеттің міндеттеріне сәйкес келетін білім азаматтарға елдің экономикалық өміріне тезірек және тиімді қосылуға, әлеуметтік мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Шетелдік және отандық тарихи тәжірибе білім беру ісі елдің дамуын жеделдетудің маңызды шарттарының бірі екенін көрсетіп келеді. Сондықтан мемлекет әрқашан еліміздегі білім беру жүйесін реформалау проблемаларына, ең алдымен жалпы білім беретін мектепті реформалауға назар аударады.

Мәселен, Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақ КСР-інде, бүкіл ел бойынша, ауылда және қалада он жыл бойы жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық оқытуды жүзеге асыру уақытша тоқтатылды, балаларды мектеппен қамту айтарлықтай төмендеді. Ал соғыстан кейінгі жылдары мектептерді біртіндеп қаржыландыру, оларды техникалық жабдықтармен және қажетті заттармен қамтамасыз ету басталды. Политехникалық білім беруге баса назар аударылып, оның негіздері мектеп мекемелерінде оқытылды. Қала мен ауылдық жерлерде мектеп ашу, балаларды мектепке тарту, мектеп салу, оқулықпен қамтамасыз ету, оқу бағдарламаларын дайындау мәселелері кезек күттірмейтін маңызды мәселе ретінде күн тәртібіне қойылды.

### Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында мәдениет пен білім-ғылым мәселесіне қатысты тарих ғылымының танымал мамандарының зерттеулерінде көрініс тапқан өзекті мәселелер тұрғысынан зерделенді. Осы тақырыпты толыққанды зерттеген ғалымдар мен мамандардың ғылыми зерттеулері мен еңбектері басшылыққа алынды. Жұмысты жазуда тарихи жүйелілік, тарихи

салыстырмалылық, жазба деректерді зерттеу, деректерді талдау, құжаттарды саралау сияқты тарихи зерттеулердің дістүрлі әдістері қолданылды. Зерттеудің әдіснамалық негізін қазіргі уақытта ғылым тарихнамалары мен әдіскерлері ұсынған теориялық принциптер мен критерийлер жиынтығы құрайды.

### Талдау

Қазақстан тарихындағы кеңестік кезеңнің мәдениеті туралы қазіргі заманғы ғылыми-тарихи білім 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарында қалыптаса бастады. Ғылыми деңгейде алғаш рет авторлық ұжымын А.М. Панкратова басқарған 1943 ж. жарық көрген «Қазақ КСР тарихы. Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі» академиялық басылымда, қазақстандық тарихнамада алғаш рет Қазақстан мәдениетінің тарихы «Кеңестік Қазақстандағы мәдени революция» атты жеке тарауда қарастырылды (Қазақ КСР тарихы. Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін, 1943:)

Соғыстан кейінгі жылдары білім беру саласына арналған мақалалар біз ұсынған мәселелердің көптеген аспектілерін қамтыды. Алайда, оларда мына бағыттарды толығымен зерттеуге мүмкіндік берілгенін атап өткен жөн: 1) сауаттылықты арттыру және білім беру жолдары; 2) мектеп оқулықтары туралы; 3) мектеп үйлері мен оларды жабдықтау мәселесі.

Өкінішке орай, тәуелсіз Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептің даму тарихы туралы арнайы ғылыми зерттеулер өте аз. Сондықтан біз ертерек кезеңнің бірқатар жалпылама еңбектерін қарастырдық. Аталған жұмыстардың өзіне тән ерекшелігі Қазақстандағы кеңестік мектептің әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі даму көрінісін ауқымды мұрағаттық статистикалық материалдар негізінде зерттеуінде. Көптеген күрделі мәселелерді шешу қажет болды: Ұлттық мұғалімдердің кадрларын дайындау, Оқыту тілі, оқу құралдарын құрастыру, қазақ қыздарымен мектеп егу және т.б. мәселелерді шешу. Дәл осы факторлар мектептегі білім беруді дамыту зерттеушілерінің назарын аударды.

Біз қарастырған еңбектердің ішіндегі ерекше атап өтуге А.И. Сембаевтың «История развития советской школы в Казахстане» атты кітабы лайық. Автор ұлттық мектептің көптеген мәселелерін ашып көрсетеді, оқу жоспарларының, бағдарламалар мен оқулықтардың құрылу тарихын айқындайды, халықтық білім беру бойынша маңызды құжаттарды келтіреді: «ҚазАССР бірыңғай еңбек мектебінің жарғысы», «Қазақ мектептерінің-коммуналарының Жарғысы», «ҚазАССР шаруа жастарының мектептері туралы ереже» (Сембаев, 1962:365). Бұл материалдар күні бүгінге дейін маңыздылығын жоғалтқан жоқ және ағартушылар үшін үлкен қызығушылық тудырады. Тағы бір маңызды аспект А.И. Сембаев ХХ ғ. 20-30-шы жылдары Қазақстанда мектептегі білім беру құрылымын сипаттай отырып, сол кездің өзінде концентраттар туралы айтып, осындай жүйенің мәнін түсіндірді, ал бүгінгі күні тарихи материалды құрудың бұл қағидаты басым болды.

Республикадағы білім беру тарихы мен кеңестік кезеңдегі жалпы білім беретін мектеп тарихының дәстүрлі мәселелерін қамтитын Г.К. Задорожныйдың «Школы Казахстана (1946-1970 гг.)» тақырыбындағы алғашқы еңбекте Қазақстан Компартиясының басшылық ету, республика мектептерінің оқу-материалдық базасын нығайту жөніндегі іс-шаралары, педагогикалық кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі партиялық ұйымдардың қызметі мәселелері қарастырылады (Задорожный, 1975:246). Кітапта республика мектептері құрылысының динамикасы келтірілген. Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта колхоздар есебінен мектептер салу басым болды. Осы уақыт ішінде колхоздар 1427 мектеп салса, мемлекеттік бюджет есебінен 108 мектеп салынған. Автор 1946-1970 жылдары мектеп құрылысын қаржыландыруды арттыру нәтижесінде Қазақстанда 1917-1945 жылдары құрылған мектеп қорынан екі есе артық мектеп қоры құрылғанын айтады. 1940-1970 жылдар аралығында

республика халқы мектептегі білім берудің жалпы динамикасымен бірге 6148 мың адамнан 13009 мың адамға дейін өсті, зерттеуші республикадағы қазақ, аралас, ұйғыр, өзбек, тәжік мектептері туралы да мәліметтер келтіреді.

Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанның жалпы білім беретін және жоғары мектебінің даму тарихы республика мәдениет тарихшыларының зерттеулерінде маңызды орын алады. Сондықтан зерттеушілердің жалпы білім беру және жоғары мектеп тарихының әртүрлі аспектілеріне қызығушылығы түсінікті. Мектеп пен жоғары оқу орындарының тарихы туралы әдебиеттерге монографиялар, жалпылама жоспардың ірі басылымдарындағы бөлімдер және мақалалар жазылды. Мәдениет пен білім тарихы туралы ірі зерттеулер бірқатар шолулар, тарихнамалық мақалалар және кандидаттық диссертациялармен толықтырыла түсті.

Қазақстанда мәдени өзгерістер тарихы бойынша арнайы тарихнамалық зерттеулер баршылық. Ең елеулі құбылыс Р.Б. Сүлейменовтің мақаласы болды, онда ол осы проблеманы арнайы зерттеуді алғашқылардың бірі ретінде танылды (Сүлейменов, 1987:88).

Сондай-ақ осы мәселе төңірегінде К.К. Құнантаева 55 жыл ішінде (1920-1975 жылдар) Қазақстандағы әйелдер білімінің дамуын зерттеді, Ж.Е. Өтебалиев бірінші бесжылдық (1928-1932 жылдар), ал Р.Д. Когай — 1959-1965 жылдары халық білімінің тарихын зерттеді. Жоғарыда аталған жұмыстар кеңес мектебін дамытудың қиын жолын көрсетеді. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бірқатар қолайсыз жағдайларға қарамастан, сауатсыздықты жою және әртүрлі оқу орындарының кең желісін құру бойынша үлкен ұйымдастырушылық жұмыс атқарылды.

Білім беру саласының дамуына арналған еңбектерді зерделей отырып байқағанымыз, Батыстың индустриалды елдерімен бір уақытта Кеңес Одағы соғыстан кейінгі жылдары тез өзгертін өндірістік-техникалық және технологиялық ортамен білім беру жүйесін барабар дамыту проблемасына тап болды. Қоғамдық-тарихи дамудың мектеп және ЖОО білім беру жүйесіне әсер етуінің осы факторына қазақстандық білім беру тарихын зерттеушілер назарынан тыс қалды. 1960-1989 жж. зерттеушілер негізінен мектеп және жоғары оқу орындары білімінің дамуындағы динамизм мен ілгерілеушілік, мектептер мен жоғары оқу орындарының өсу ауқымдылығын ғана зерттеп келген. Сонымен қатар, мектептер мен жоғары оқу орындарының тарихы қоғамдық даму процестері контексінен тыс, оқшау қарастырылған. Бұл ең алдымен, жоғары оқу орындары мен мектептердің даму тарихын біржақты жария ету Қазақстанның мәдени саладағы жетістіктерін суреттеу, дәріптеу және осы тәжірибені үшінші әлем елдері үшін насихаттау қажеттігінен туындағаны анық.

Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта, партияның XX съезіне дейін, мәдениет тарихы бойынша жалпылама немесе жалпы салалық жұмыстар мен зерттеулердің жүргізілмегендігін байқауға болады.

Қазақстандағы сауаттылық пен білім беру саласының тарихы КОКП XX съезінен кейін және 1980 жылдардың соңына дейін Қазақстан мәдениетінің тарихын өте кең ауқымды мәселелер мен бағыттар бойынша зерттеу басталады. Іс жүзінде мәдениеттің барлық саласы, оның барлық салалары тарихи зерттеулердің тақырыбына айналды. Осы жылдары Қазақстан мәдениеті тарихының проблемаларын әзірлеуде мәдениет тарихшыларының тұтас бір тобы еңбек етті және республикадағы тарих ғылымының инфрақұрылымы өз дамуына ие болды. Жалпы, біздің ойымызша, қарастырылып отырған жұмыс жылдарында жазылған, Қазақстан мәдениеті тарихының тарихнамасын дамытудың марксистік теориялық-әдіснамалық негізде құрылған бір, ішкі, біртұтас кезеңіне жатады.

### **Нәтижесі**

Екінші дүниежүзілік соғыс әлемге аса зор шығындар әкелді. Қазақ КСР-і де айтарлықтай зардап шекті. Бұл ел дамуының экономикалық және мәдени деңгейіне үлкен әсер етті. Ең құнды



деген адам ресурсы құлдырады. Соған орай елдегі сауаттылық деңгейі де өте төмен болғандығы анық. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы сауат ашу курстарда оқыған адамдардың бір бөлігі тек фамилиясын баспа әріптерімен жазуға және ақшаны санауға үйренді. 1946-1948 жылдары ел басшылығының халықтық білім беру саласындағы қызметінің басты бағыты әлеуметтік дамудың осы маңызды саласын қалпына келтіру болды. Соғыс жылдарында көптеген оқу орындары мен мәдени мекемелердің ғимараттары ауруханалар мен эвакуацияланған кәсіпорындар ретінде пайдаланылды. Мектептерде жоғары сынып оқушыларының контингенті едәуір төмендеді, себебі майданға кеткендердің орнына жасөспірімдер станоктарға, машиналарға отырды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдар мектептерде оқу-материалдық базаның сарқылуымен, елдің бүкіл халқы басынан өткерген тұрмыстық қиындықтармен сипатталды. Мысалы, бір сыныпта май шамдар немесе тек бір қырық ватт шам болды. Оқулықтар жетіспеді, мектеп кітапханаларында сыныптан тыс оқуға қажетті кітаптар болмады. Орта оқу орындарында сабақтар екі-үш ауысыммен жүрді. Кейбір мектептерде сабақты 40 минутқа дейін қысқарта отырып, үш ауысыммен айналысты. Бірақ мемлекет жалпыға бірдей жеті жылдық білім беру курсы қабылдады. 1945 жылы республикадағы мектептің көмегіне өнеркәсіптік кәсіпорындар қосылды. Олар интернаттар ұйымдастырды, онда қайтыс болған ата-аналардың балалары орналастырылды. Интернатта оларды барлық қажетті заттармен, соның ішінде күніне үш рет тамақпен қамтамасыз етті. Мұқтаж оқушыларға киім мен аяқ киім, оқу құралдары берілді.

Соғыстан кейінгі жылдары мектеп мұғалімдері біліктілігінің төмен деңгейі де күрделі әрі маңызды мәселе болғандықтан оны жедел шешу қажеттілігі күн тәртібіне қойылды. Мектептерде тіпті орта білімі жоқ мұғалімдер аз болған жоқ. Бір мұғалім қатарынан екі сыныпта сабақ өткізіуіне тура келген жағдайлары кездесті. Осыған орай мектептерді білікті оқытушылармен қамтамасыз ету үшін бесінші-жетінші сыныптарға арналған мұғалімдерді даярлау бойынша он айлық курстар, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бойынша айлық курстар ашылды. Әскери және соғысқа дейінгі жылдары көптеген балалар тек бастауыш білім алды немесе мүлдем оқымады.

Жұмысшылардың төмен білім деңгейі ғылыми-техникалық прогреске кедергі келтірді. Жағдайды өзгерту үшін соғыстан кейін жұмыстан қол үзбей оқыту жүйесі дами бастады. 1945-1965 жылдары барлық жерде жұмысшы жастар мектебі (ЖЖМ) құрылды. Олардың ұрандары – «Әрбір жас жұмысшыға орта білім», «Күндіз жұмыс істеу – кешке оқу», «Елге сауатты адамдар керек». 1945/1946 оқу жылында ЖЖМ-нің өз бөлмелері болды, қалғандары үшінші, кейде төртінші ауысымда жалпы білім беретін мектептерде немесе мүлдем бейімделмеген бөлмелерде – зауыт кеңселерінде, тіпті жертөлелерде оқыды. Ғимараттардың жетіспеушілігі кешкі мектептер желісінің дамуына кедергі келтірді. Жұмысшы жастардың мектептері жанармайдың жетіспеушілігін бастан кешірді. Сондықтан олар білім алуды жалғастыру үшін он күннен бір айға дейін жұмыс істемеді. ЖЖМ-тері оқулықтармен өте нашар қамтамасыз етілді. Орташа алғанда, әр сынып үшін 30-40 адамға үш-төрт оқулық болды. ЖЖМ-дегі оқушылар контингенті өте тұрақсыз болды. Осы мектептердің материалдық базасының күрделілігі, соғыстан кейінгі өмір мен өмірдегі қиындықтар көбінесе жастарды оқудан кетуге итермелейтін себептер еді. Мәселен, статистикалық дерек бойынша 1945/1946 оқу жылының басында мектепке оқуға келген бала саны анағұрлым көп болғанын, ал жылдың соңына қарай оқушы саны азайғанын байқаймыз. Білім алушы жастардың мектепті тастап кетуінің басты себебі кәсіпорындардағы үстеме жұмыстардың көбеюі мен оның мерзімінде орындалмай қалуы болды. Жұмысшы жастар мектептерінде мұғалімдердің 50%-ы қосымша жұмыс істеді, бірақ бұл жерде қамқорлығындағыларға берік білім беруге ұмтылған жанкешті энтузиастар жұмыс істеді. Сол жылдардағы ЖЖМ-дің күнделікті тарихына арналған «Заречная көшесіндегі көктем» («Весна на Заречной улице») фильмі осы жағдайды анық бейнелейді

Кешкі мектептерге көптеген кәсіпорындарының директорлары үлкен көмек көрсетті: өз жұмысшыларының сауаттылығы үшін мектеп кабинеттеріне құрал-жабдықтармен, мұғалімдерді үй-жайлармен, отынмен қамтамасыз етті, педагогтар мен оқу озаттарына сыйлықтар берді. Цех басшыларына кешкі мектепте оқитындарды үстеме жұмыстарға пайдалануға тыйым салынды. Зауыт жұмысшыларының күшімен физикалық және химиялық кабинеттер жабдықталды. 1950 жылдары республика мектептері біртіндеп соғыс пен соғыстан кейінгі қиыншылықтардан арыла бастайды. Соғысқа дейінгі мектеп ғимараттары қайтарылды, өйткені оларда орналасқан ауруханалар таратылды. Жаңа мектеп ғимараттарының құрылысы жоғары қарқынмен жүрді. Кеңестік кезеңде Қазақстан аумағында жалғасқан күрделі демографиялық оқиғалар мен үдерістерге байланысты өрістеген мәдени революцияның жалпы жоспарына енгізілген білім беру саласында да күрделі жағдай қалыптасты.

Соғыстан кейінгі 1946-1950 жылдарғы төртінші бесжылдықтың негізгі төрт мақсаттарының бірі - адамдардың мәдени деңгейін және материалдық әл-ауқатын арттыру болды. Осындай мақсатта 1947 жылы 16 қарашада БКП(б) ОК «Қазақ КСР-інде жоғары және орта білімді одан әрі дамыту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Бұл маңызды шешім болды, өйткені соғыс жылдарында КСРО ауылдық жерлерде міндетті жеті жылдық және қалаларда он жылдық оқуын тоқтатқан болатын. Соғыс кезінде жеңіске жету үшін барлық күш жұмылдырылғандықтан да мектеп өміріне екінші реттік мән берілді (Директивы ..., 1986:362-364).

Соғыс аяқталғаннан кейін еліміздің халық шаруашылығы мен экономикасын қалпына келтіру шаралары жедел түрде жүргізілді. Осыған орай мектептерді біртіндеп қаржыландыру, оларды техникалық жабдықтармен және қажетті заттармен қамтамасыз ету басталды. Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанда балаларды мектепте оқумен қамтудың, мектептерді мұғалімдермен, оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етудің соғысқа дейінгі деңгейіне шамамен 1949 жылы ғана қол жеткізілді. Осы кезеңнен бастап Республикалық халықтық білім беру органдары жеті жылдық білім беруді жүзеге асыру туралы Қазақстан Компартиясының III съезінің шешімдерін орындауды жалғастырды және мектептегі білім беру саласындағы соғыстың жағымсыз салдарын жеңуге қадам басты деп айтуға болады.

Республикадағы 1950-ші жылдардағы мектептегі білім беруді дамытудың негізгі қорытындыларын, жалпы білім беретін мектептерді қаржыландыру көлемінің өсу серпінін, мектептер мен оқушылар санының артуын Қазақстандағы мәдени революцияның шешуші табыстарының мысалы ретінде қарастырғанымыз дұрыс болар. Сондай-ақ бейімділіктер мен сұраныстарды ескере отырып, оқушыларды кәсіби даярлаудың орнына мектептердің политехникасын енгізуге деген ұмтылысы да арта түседі. Мектептегі білім берудің политехникасына бет бұру қажеттілігі елдің ғылыми-техникалық революция дәуіріне ену қажеттілігімен емес, партиялық және мемлекеттік шешімдерді орындау қажеттілігімен тікелей байланысты болғандығын ашық айтуымыз керек.

Кеңес өкіметі жылдарында Қазақстан жаппай сауатты елге айналуға бағыт ұстанды және жалпы білім беру мекемелерінің кең желісіне ие болды. Орта-арнайы және кәсіптік-техникалық, оның ішінде сырттай және кешкі білім беру кеңінен дамыды. Кеңестік Қазақстандағы білім беруді дамыту бірнеше кезеңдерден өтті. Конституциялық құқық аясында барлық елдер, соның ішінде Қазақ республикасында білім беру ісі едәуір дамыды. Оның даму барысын түсінікті болу үшін төмендегідей хронологиялық тәртіпте шолу жасап көрейік:

1921 ж. – бірыңғай еңбек мектебінде білім беруді ұйымдастыру және оның мәселелерін қараған халық ағарту мәселелері бойынша 1-ші жалпықазақ конференциясы өтті;

1925 ж. – 5-ші жалпықазақ съезі халықтық білім беру ұйымдарының алдына мектептер желісін одан әрі дамыту, оны жергілікті халыққа жақындату міндетін қойды;

1930 ж. – республикада жалпыға бірдей бастауыш оқыту енгізілді;

1931 ж. – қалаларда, жұмысшы кенттерінде және республиканың ірі совхоздарында 7 жылдық оқыту енгізілді;

1940 ж. 11 қараша – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 5-ші сессиясы «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылдады.

1946 ж. – «Қазақ орта мектебін нығайту туралы» Қазақстан КП ОК қаулысы қабылданды

1947 ж. – КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беруді дамыту туралы» қаулысы қабылданды.

1949/50 оқу жылы – жалпыға бірдей 7 жылдық оқытуға көшу басталды.

1959 ж. наурыз – Республиканың Жоғарғы Кеңесі «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және Қазақ КСР-інде халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» заңды қабылдады;

1962/63 оқу жылы – республикада 7 жылдықтан 8 жылдық білім беруге өту толықтай аяқталды (Педагогическая энциклопедия, 1965:331-332).

Көріп отырғанымыздай республикадағы білім беру ісінің алғашқы кезеңі 1920-30-шы жылдарды қамтыса, екінші кезеңі осы біз қарастырып отырған ең күрделі кезең – 30-шы жылдардың соңы - 50-ші жылдардың аяғы. Алғашқыда 20-30-шы жылдары жүргізілген сауатсыздықты жою жөніндегі қарқынды жұмыс өз нәтижелерін берді. Мәселен, 1939 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының 76,3%-ы сауатты болған. 1940 жылы республикада 1 138 187 оқушысы бар 5 289 бастауыш, 1 770 жеті жылдық және 698 орта мектеп жұмыс істеді. Педагогикалық кадрлар ҚазМУ-да, 13 педагогикалық және мұғалімдер институттарында және 23 педагогикалық училищелерде дайындалды. Егер салыстырмалы түрде қарастырсақ, соғыс жылдары республика 149 және 19 мың балалар мекемелері жұмыс істеген. КСРО-ның батыс аймақтарынан көшірілген балалар, балалар үйлерінің саны артты. Кәсіби техникалық және орта арнайы білім беру жүйесі тез дамыды. 1940 жылы Қазақстанда 35 кәсіптік оқу орны ұйымдастырылды, соғыс жылдары жыл сайын фабрика-зауыт училищелерінде 26 мыңнан астам адам оқыды. 30-жылдардың соңында республикада 5 мыңнан астам маман даярлаған 120 орта арнаулы оқу орны болды. Жоғары білімнің дамуы жалғасты. Республика тарихында тұңғыш Жоғарғы оқу орындары - 1927 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты, 1934 жылы Қазақ университеті құрылды. 1936 ж. бірыңғай оқу-әдістемелік басшылықты енгізген жоғары оқу орындарына түсу тәртібін реттейтін қаулылар қабылданды. 1938 жылы ҚазМУ жанынан Қазақстандағы алғашқы аспирантура ашылды. Соғыс жылдарында республиканың жоғары оқу орындарының саны артты. 1943 жылы Шет тілдер педагогикалық институты, 1943 жылы Шымкент құрылыс материалдары технологиялық институты, 1944 жылы Алматы қаласында Консерватория және қыздар педагогикалық институты ашылды. 1946 жылы Алматыда Қазақ КСР Ғылым академиясы құрылды. Қазақстанның ғылымы мен ғылыми мекемелерінің қарқынды өсуі соғыстан кейінгі кезеңде басталады. 1946 ж. 1 мамырда Қазақстан Ғылым Академиясының салтанатты ашылуы өтті. Оның тұңғыш Президенті көрнекті ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтпаев болды ((Академия наук Республики Казахстан. Хроника событий, 2007:309-310).

Бұл кезеңде үлкен жетістіктерге қол жеткізілді, бұл жоғары оқу орындарының, аспирантураның ашылуы және, әрине, осының бәрінің тәжі Қазақстанның Ғылым Академиясының ашылуы болып табылады. 1946 ж. 1 мамырда Қазақстан Ғылым Академиясының салтанатты ашылуы өтті. Оның тұңғыш Президенті - көрнекті ғалым Қ. Сәтбаев, ал И. Бардин, С. Вавилов, И. Мещанинов, В. Обручев академияның құрметті мүшелері болып сайланды. Академияның құрамына 14 академик және 16 корреспондент мүше кірді. Ғылыми-зерттеу институттарының желісі дамыды, астрономия, астрофизика, ядролық физика сияқты ғылым салалары пайда болды. Көптеген зерттеулер КСРО-ның әскери күшін арттыруға арналды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан ғалымдарының қатысуымен пайдалы қазбалардың көптеген

кен орындары зерттелді. Түсті металдардың жаңа кен орындарының ашылуы және игерілуі өз кезегінде жаратылыстану ғылымдарының одан әрі дамуына түрткі болды. Мысалы, 1946-1949 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның ғылыми-зерттеу мекемелері өндіріске 900-ден астам ұсыныстар мен зерттеулерді енгізді. Қазақстандық ғалымдардың қолданбалы ұсыныстары өңірлердің өндіргіш күштерін зерттеуді және жылдам пайдалануды жеделдетті.

1950 жылдың соңына қарай Қазақ КСР Ғылым Академиясы жүйесінде 50 ғылыми-зерттеу мекемесі жұмыс істеді, оның ішінде 19 институт, 13 сектор, екі мұражай, обсерватория, үш ботаникалық бақ және 8 ғылыми база бар. Қазақ КСР Ғылым Академиясында ғылыми-техникалық прогреске өз үлесін қосқан 500-ге жуық аспирант оқыды (Академия наук Республики Казахстан. Хроника событий, 2007:173).

Соғыстан кейінгі кезеңде Жоғарғы мектеп ісі дамудың жаңа жолына түсті. Оның мысалы ретінде 1950 жылы Қарағанды медициналық, 1951 жылы Семей мал дәрігерлік, 1953 жылы Қарағанды тау-кен институты құрылды. Бұл жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық кадрлары эвакуацияланған және репрессияға ұшыраған ғалымдар мен педагогтар есебінен жинақталды. Көріп отырғанымыздай, Қазақстанның ғылымы мен ғылыми мекемелерінің қарқынды өсуі соғыстан кейінгі кезеңде басталады.

Қызметкердің кәсіби даярлығының сапасына тікелей әсер ететін ғылыми білімнің негіздері қоғамдағы білім беру жүйесінің басты буыны болып табылатын жалпы білім беретін мектепте қаланады. Сонымен бірге қоғамның экономикалық, әлеуметтік және моральдық дамуы көбінесе білім беру жүйесінің жағдайына байланысты. Білім беру жүйесін жаңғыртусыз ел дамуында нақты ілгерілеушілік болмайтыны айдан анық. Мемлекеттің міндеттеріне сәйкес келетін білім азаматтарға елдің экономикалық өміріне тезірек және тиімді қосылуға, әлеуметтік мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Шетелдік және отандық тарихи тәжірибе білім беру елдің дамуын жеделдетудің маңызды шарттарының бірі екенін көрсетеді. Сондықтан мемлекет әрқашан еліміздегі білім беру жүйесін реформалау проблемаларына, ең алдымен жалпы білім беретін мектепті реформалауға назар аударды. Мәселен, Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақ КСР-інде, бүкіл ел бойынша, ауылда және қалада он жыл бойы жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық оқытуды жүзеге асыру уақытша тоқтатылды, балаларды мектеппен қамту айтарлықтай төмендеді. Елеулі материалдық қиындықтарға қарамастан, мемлекет мектепке үлкен қаражат бөлді. Егер 1946 жылы бұл мақсаттарға 85,6 миллион сом босатылса, 1950 жылы – 146,5 миллион сом бөлінді. Сонымен қатар, Қазақстанда, бүкіл ел бойынша, мектептерге көмек көрсету, жалпыға міндетті оқу қорын, сондай-ақ жетім және мұқтаж балаларға көмек көрсету қорларын құру бойынша жексенбілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Сирек қоныстанған аудандарда интернаттық мекемелер желісі құрылды, оларда 1953 жылға қарай 40 мыңға жуық бала оқыды. Жалпы, 1950 жылға қарай республикада 1 млн. 439 мың оқушы контингенті бар 3088 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеді, жастарды өндірістен қол үзбей оқыту үшін жұмысшы және ауыл жастарының кешкі және сырттай мектептері құрылды. (Казахстан в послевоенные годы (1946-1953) [Электронный ресурс] // Образовательный портал Казахстана: сайт. – URL: <http://www.spishi.kz/1099-kazahstan-v-poslevoennye-gody-1946-1953.html>).

Соғыстан кейінгі жылдардағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың өсуі, совхоздардың ашылуы білікті және жоғары білікті кадрларды талап етті. Осы міндетті шешу мақсатында 1947 жылғы қарашада Кеңес үкіметі «Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беруді одан әрі дамыту шаралары туралы» қаулы қабылдады, ол бойынша республикаға мектептер мен басқа да оқу орындарын салуға, олардың материалдық-техникалық базасын жарақтандыруға қосымша қаражат бөлінді, Қазақстанға білікті кадрлар жіберілді. Жергілікті жастар арасынан еліміздің орталық жоғары оқу орындарына қабылдау кеңейтілді (Директивы, 1986:362-364)..

Осы қаулы бойынша республикаға мектептер мен басқа да оқу орындарын салу, оқу құрал-саймандары мен жабдықтарын сатып алу үшін қосымша қаражат бөлінді. Қазақстанға жоғары оқу орындарының білікті оқытушылары жіберілді, орталық институттар мен университеттерде Қазақстаннан оқытушылар үшін аспирантурада орын саны артты. Жастарға Мәскеу, Ленинград және еліміздің басқа қалаларындағы жоғары оқу орындары мен техникумдарында оқуға мүмкіндік берілді. Қазақтар, ұйғырлар, дүнгендер қатарынан жоғары және орта білікті мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлінді (Қазақстан в послевоенные годы (1946-1953) [Электронный ресурс] // Образовательный портал Казахстана: сайт. – URL: <http://www.spishi.kz/1099-kazahstan-v-poslevoennye-gody-1946-1953.html>).

Коммунистік партияның 1952 жылғы қазанда өткен XIX съезінде КСРО-ның 1951-1955 жылдарға арналған бесжылдық даму жоспары жөніндегі директиваларында республикалардың астаналарында, республикалық бағыныстағы қалаларда, облыстық, аймақтық және ірі өнеркәсіптік орталықтарда жеті жылдық білім беруден жалпыға бірдей орта білім беруге (он жылға) көшуді бесжылдықтың соңына қарай аяқтау туралы шешім қабылданды. Қалған қалалар мен ауылдық жерлерде жалпыға бірдей орта білім берудің келесі бесжылдығында (он жылдық) толық жүзеге асыру үшін жағдайлар әзірлеу, алдыңғы бесжылдықпен салыстырғанда қалалық және ауылдық мектептердің құрылысын 70% - ға ұлғайту көзделді. Сондай-ақ, орта мектепте политехникалық оқытуды бастауға және жалпы политехникалық оқытуға көшу үшін қажетті іс-шараларды өткізу көзделді (КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. 1946-1955, 1986:362-364.).

1958 ж. қабылданған «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО-да халықтық білім беруді одан әрі дамыту туралы Заң» негізінде жеті жылдық білім беру туралы Заңның орындалу қорытындылары және сегіз жылдық білім беруге көшу туралы мәселе қарастырылып, бекітілді (Сулейменов, 1972:494; Сулейменов, 1987:»17-120).

Соғыс жылдарында Қазақ КСР-інде, бүкіл ел бойынша білім беру саласында ауылда және қалада он жыл бойы жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық оқытуды жүзеге асыру уақытша тоқтатылды. Балаларды мектеппен қамту айтарлықтай төмендеді. 1949-1950 оқу жылынан бастап Қазақстанда жаппай жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық, ал облыстар мен ірі өнеркәсіптік орталықтарда он жылдық оқытуға көшу басталды.

Соғыстан қайтпаған немесе мүгедек болып оралған әкелері мен ағаларын зауыттар мен фабрикаларда, колхоздар мен совхоздарда алмастырған, сондықтан мектеп білімін аяқтай алмаған жастардың бір бөлігін өндірістен қол үзбей оқыту үшін жұмысшылар мен ауыл жастарының кешкі және сырттай мектептері құрылды. 50-жылдардың соңына қарай республикада осындай 363 мектеп болды, онда 35 мың адам оқыды. Бірақ олар оқуға ниет білдірушілердің барлығын қамти алмады, сонымен қатар мектеп ғимараттары, арнайы оқулықтар мен бағдарламалар, мұғалімдер жетіспеді. Мұғалімдердің материалдық жағдайына қамқорлық көрсетілді. Ауылдық жерлердегі мұғалімдер мен олардың отбасы мүшелері үшін жеңілдіктер мен артықшылықтар қарастырылды, ауыл мұғалімдеріне тегін пәтерлер берілді, ал олар болмаған жағдайда жергілікті кеңестер пәтерді жалға алу үшін ақы төледі, оларды отынмен, жарықтандырумен қамтамасыз етті, үй маңындағы учаскелерді бөлді. Үкімет жергілікті билік органдарына мұғалімдерге арналған үйлердің жаппай құрылысын бастауға міндеттеді. Жалпы республикадағы мектеп ісі біршама алға қадам басты: мұғалімдер кадрларының саны артып, кәсіби деңгейі артты, мектептердің оқу-материалдық базасы нығайтылды. 1949 жылы мұғалімдердің жалақысы өсті, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы өсті. 1947 жылы Қазақ оқу-педагогикалық баспасы құрылуы мектептерді оқулықпен қамтамасыз етуде жаңа серпін берді.

Соғыс аяқталғаннан кейін Мәскеуден, Ленинградтан және Кеңес Одағының басқа қалаларынан республикаға эвакуацияланаған бірқатар жоғары оқу орындары мен техникумдары

қайта көшірілді және олардың оқытушылары мен профессорларының көп бөлігі де еліне оралады. Сондықтан республиканың жоғары оқу орындары мен техникумдарында профессорлық-оқытушылық құрамы біраз әлсіреп қалды.

Елеулі материалдық қиындықтарға қарамастан, мемлекет мектепке үлкен қаражат бөлді. Егер 1946 жылы бұл мақсаттарға 85,6 миллион сом босатылса, 1950 жылы - 146,5 миллион сом бөлінген. Сонымен қатар, Қазақстанда, бүкіл ел бойынша, мектептерге көмек көрсету, жалпыға міндетті оқу қорын, сондай-ақ жетім және мұқтаж балаларға көмек көрсету қорларын құру бойынша жексенбілік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мәселенің Одақтық деңгейдегі көрсеткішіне көз жүгіртер болсақ, КСРО-да 1950 жылдары жалпы білім беретін мектептің дамуына көп көңіл бөлінді. Әлем ғылыми-техникалық революцияның жаңа кезеңіне аяқ басты. Кеңес қоғамына жеткілікті білімді және техникалық сауатты жұмысшылар қажет болды. Сонымен бірге, 1952 жылы КСРО өнеркәсіп - 59 жұмысшыларының 67 пайызға жуығы тіпті жеті жылдық білімі болған жоқ. 1950 жылдардың басында елде жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім енгізілгеніне қарамастан, оның деңгейі, әсіресе орта және үлкен жастағы адамдар арасында баяу көтерілді. 1959 жылғы санақ бойынша, КСРО-ның 10 жастан асқан 330 мың тұрғынында жеті жылдық білімі болмаса, 9 жастан 49 жасқа дейінгі КСРО азаматтары арасында сауатсыздар 1,5 пайыз болған. Бұл негізінен созылмалы ауруға немесе физикалық кемшіліктерге байланысты оқи алмайтын адамдар еді. 49 жастан асқан адамдар арасында негізінен сауатсыздар болды, дегенмен ресми түрде олардың көпшілігі 1920-1930 жылдары сауатсыздықты жою бойынша әртүрлі қысқа мерзімді курстардан өткендіктен сауатты деп саналды. Мұндай курстарда оқыған адамдардың басым бөлігі тек фамилиясын баспа әріптерімен жазуға және ақшаны санауға үйренгені анық. Әдетте олардың сауаттылығы 41 жаспен шектелді. 1959 жылы КСРО-ның әртүрлі салаларындағы жұмысшылардың жартысынан көбінің жеті жылдық білімі болмады.

КСРО-да индустрияландыру және өнеркәсіптің өсуі білікті кадрларды қажет етті. Осы мақсатта одақтас республикаларда мектептер мен интернаттар ашыла бастады. Халық аз қоныстанған аудандарда интернаттар салынды, 1953 жылға қарай оларда 40 мыңға жуық бала оқыды. ҚазКСР-дағы 1950 жылдарға қарай жалпы білім беретін мектептердің саны 9 мыңға жетті, онда бір жарым миллионға жуық бала оқыды.

